



Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларын анықтау¹

А.Б. Турысбекова¹, Ә.Қ. Өмірзақова²

¹ ҚР БҒМҒК «Экономика институты» РМҚК, ² Л.Н. Гумилев атындағы еуразия ұлттық университеті

Түйін

Қазақстанның аймақтық дамуының ерекшеліктері, жекелеген аймақтардағы өндірістің, ресурстардың бастапқы деңгейінің әртүрлілігі, нарықтық экономикадағы әртүрлі реформалар Қазақстанның аймақтарының тең емес жағдайда дамуына әкеліп соқты. Аймақ немесе аймақтық экономика «ұлттық экономика» макрожүйесінің ішкі жүйесі болып табылады. Ал ұлттық экономика болса әлемдік экономиканың ішкі жүйесі болып табылады. Аймақтық даму дегеніміз - бұл өзара байланысты тұрақтылық, пропорционалдылық және әлеуметтік бағдар секілді үш сипаттама мен қасиеттерге негізделген даму болып табылады. Негізі жекелеген аймақты тиімді түрде дамыту дегеніміз нарықтық экономикада құндылық жасау арқылы жекелеген факторлар мен әлеуеттерді қолдану деген сөз. Алайда барлық аймаққа ортақ даму стратегиясы болуы мүмкін емес. Себебі әр аймақтың өзіндік даму шарттары, экономикалық және әлеуметтік әлеуеті ерекше болып келеді. Сондықтан аймақтық экономиканы дамытуда осы факторларды ескерген жөн. Қазақстанның аймақтық саясатының басты міндеті аймақтың нарықтық экономика жағдайында бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның өндірістік және ресурстық потенциалын толығымен қолдану арқылы аймақ халқын жұмыспен қамтамасыз ету және өмір сүру деңгейін арттыру болып табылады. Бұл мақаланың мақсаты Қазақстан аймақтарының әлеуметтік- экономикалық даму тенденцияларын айқындау болып табылады. Мақалада аймақ, аймақтық даму тұжырымдамалары жүйе ретінде анықталып, негізгі сипаттамалары берілді. Қазақстан аймақтары әлеуметтік- экономикалық көрсеткіштерге негізделіп топтастырылып, статистикалық деректер мен фактілер талдана отырып, Қазақстан аймақтарының әлеуметтік- экономикалық даму тенденциялары анықталды. Қорытқанда Қазақстанның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы жоғары екені көрсетілді. Қазіргі таңдағы Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы өткен жылдарға қарағанда едәуір жоғарылаған. Ал бұл дегеніміз, жекелеген аймақтардың дамуы халықтың өмір сүру сапасының жоғарылауы, жұмыспен қамтудың артуы, ел экономикасының өсуін білдіреді.

Түйін сөздер: аймақ, аймақтық экономика, аймақтық даму, аймақтық саясат, әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер

Выявление тенденций социально-экономического развития регионов Казахстана

Аннотация

Особенности регионального развития Казахстана, разнообразие производства, исходный уровень ресурсов в разных регионах, различные реформы рыночной экономики привели к неравномерному развитию регионов Казахстана. Регион или региональная экономика является подсистемой макросистемы «национальная экономика». А национальная экономика - это внутренняя система глобальной мировой экономики. Региональное развитие - это развитие, основанное на трех характеристиках и качествах: взаимосвязанной стабильности, пропорциональности и социальной ориентации. По сути, эффективное развитие отдельного региона означает использование определенных факторов и потенциалов посредством создания стоимости в рыночной экономике. Однако невозможно иметь единую стратегию развития для всего региона. Так как у каждого региона свои условия развития, экономический и социальный потенциал. Поэтому эти факторы необходимо учитывать при развитии экономики отдельного региона. Основная задача региональной политики Казахстана - повышение конкурентоспособности региона в условиях рыночной экономики, занятости и уровня жизни населения региона за счет полного использования его производственного и ресурсного потенциала. Целью данной статьи является выявление тенденций социально-экономического развития регионов Казахстана. В статье определены понятия «регион», «региональное развитие» как система и даны их основные характеристики. Тенденции социально-экономического развития регионов Казахстана были определены путем группировки регионов Казахстана на основе социально-экономических показателей и анализа статистических данных и фактов. В заключение было отмечено, что социально-экономическое развитие регионов Казахстана находится на высоком уровне. Сегодня социально-экономическое развитие регионов Казахстана намного выше, чем в предыдущие годы. Это означает, что развитие отдельных регионов означает повышение качества жизни, занятости, экономического роста страны.

Ключевые слова: регион, региональная экономика, региональное развитие, региональная политика, социально-экономические показатели.

¹ Мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің гранттық қаржыландыру жобасы «Қазақстан Республикасы аймақтарының зияткерлік әлеуеті: бағалау және даму перспективалары» (AP08052800) аясында дайындалған

Identification of trends in socio-economic development of the regions of Kazakhstan

Abstract

The peculiarities of the regional development of Kazakhstan, the variety of production, the initial level of resources in different regions, various reforms of the market economy have led to the uneven development of the regions of Kazakhstan. A region or regional economy is a subsystem of the “national economy” macrosystem. And the national economy is the internal system of the global world economy. Regional development is development based on three characteristics and qualities: interrelated stability, proportionality and social orientation. Basically, the effective development of an individual region means the use of certain factors and potentials through the creation of value in a market economy. However, it is not possible to have a common development strategy for the whole regions. Because each region has its own conditions of development, economic and social potential. Therefore, these factors should be taken into account in the development of the regional economy. The main task of the regional policy of Kazakhstan is to increase the competitiveness of the region in a market economy, employment and living standards of the population of the region through the full use of its production and resource potential. The purpose of this article is to identify trends in the socio-economic development of the regions of Kazakhstan. The article defines the concepts of “region”, “regional development” as a system and gives their main characteristics. Trends in the socio-economic development of the regions of Kazakhstan were determined by grouping the regions of Kazakhstan on the basis of socio-economic indicators and analysis of statistical data and facts. In conclusion, it was noted that the socio-economic development of the regions of Kazakhstan is at a high level. Today, the socio-economic development of the regions of Kazakhstan is much higher than in previous years. This means that the development of certain regions means an increase in the quality of life, employment, economic growth of the country.

Key words: region, regional economy, regional development, regional policy, socio-economic indicators.

Кіріспе

Қазақстан табиғи-экономикалық байлығы жағынан әртүрлі аймақтық айырмашылықтары бар мемлекет болып табылады. Бұл айырмашылықтар мемлекеттің экономикалық даму деңгейінде, инфрақұрылымында және инвестициялық мүмкіндіктерінде айқын көрініс тапты.

Қазақстанның аймақтық дамуының ерекшеліктері, жекелеген аймақтардағы өндірістің, ресурстардың бастапқы деңгейінің әртүрлілігі, нарықтық экономикадағы әртүрлі реформалар Қазақстанның аймақтарының тең емес жағдайда дамуына әкеліп соқты [1].

Елбасы Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына «Қазақстан-2050 стратегиясы - қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында аймақтардағы әлеуметтік-экономикалық жағдайларды теңестіру және оны жүзеге асырудың жаңа жолдарын табу керек деген мақсат қойылды.

Бұл мақсатқа жету үшін алдымен Қазақстанның аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларын анықтау әрі оны әрі қарай жетілдіру, аймақтық саясаты жаңаша бағытта дамыту маңызды болып табылады.

Жалпы Қазақстанның аймақтық саясатының басты міндеті аймақтың нарықтық экономика жағдайында бәсекеге қабілеттілігін арттыру, оның өндірістік және ресурстық потенциалын толығымен қолдану арқылы аймақ халқын жұмыспен қамтамасыз ету және өмір сүру деңгейін арттыру болып табылады.

Бұл тұрғыдан алғанда бұл мақаланың мақсаты Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларын айқындау болып табылады.

Әдеби шолу. Аймақтық экономика мәселелері соңғы уақытта ғалымдар арасында зерттелген ең өзекті мәселелердің бірі. Аймақтық экономика термині жалпы 20 ғасырда пайда болды. Оның өзіндік даму заңдылықтары және факторлары бар жеке орналасқан аймақтардың экономикасы деп түсінуге болады. Аймақтық экономика тек қана экономикалық мәселелерді ғана емес, әлеуметтік, өндірістік, демографиялық және экологиялық мәселелерді де қамтуы тиіс.

Жалпы Қазақстанның аймақтық экономика мәселелерін Текенов У.А., Кондырбаева С.К., Агабекова, Г.Н., Доскеева Г.З, Корабаева Н.Б, Нурланова Н.К., Асылбаев К. [1-7] секілді отандық ғалымдар зерттеген. Бұл бағыттағы зертеулерге шолу жасасак, аймақтық экономикалық жүйелер үшін туындайтын жаңа мақсаттар мен міндеттер жайлы айтсақ болады. Аймақтың өзінің жалпы әлемдік экономикадағы рөлі де соңғы кезде маңызды тақырыптардың бірі (1 сурет).

Тақырыптың өзектілігі қоғамның ғылыми-техникалық дамуының жылдамдауына, адамзат өмірінің жаһандануына байланысты. Аймақ немесе аймақтық экономика «ұлттық экономика» макрожүйесінің ішкі жүйесі болып табылады. Ал ұлттық экономика болса әлемдік экономиканың ішкі жүйесі болып табылады. Әрі көп жағдайда интеграциялық мемлекетаралық субъектілердің (мысалы ТМД, ЕС, ЕАЭО) ішкі жүйесі болып табылады [2].

«Аймақ» сөзі латын тілінің «regio» сөзінен шығып, аударылғанда аймақ, аумақ, аудан, облыс, өңір дегенді білдіреді [3]. Негізі «аймақ» сөзінің синонимі «аудан» болып табылады. Бірақ бұл зерттеу жұмысында аймақ деп біз ҚР Ұлттық экономика

министрлігінің ресми статистикасына сәйкес Қазақстан Республикасының облысы деп түсінеміз [4].

Әрі аймақты күрделі және ірі әлеуметтік-экономикалық жүйеге жатқызуға болады. Мұндай әлеуметтік-экономикалық жүйенің күрделілігі оның өзіндік сапалық сипаттама-

лары бар экономикалық, әлеуметтік, экологиялық ішкі жүйелерінің болуында. Осы әлеуметтік-экономикалық жүйені жетілдірудің мақсаты аймақтық қағидаларды қалыптастыру негізінде аймақтың ресурстық және өндірістік әлеуетін тиімді пайдалану, аймақтың өзін-өзі басқару жүйесін жетілдіру [5].



1 сурет - Дүниежүзілік экономикалық жүйеде аймақтың алатын орны

Аймақтық даму деген түсінікті анықтау үшін, ең алдымен аймақтың жүйелік сипатын анықтау қажет. Жалпы аймақтық жүйе деген күрделі әлеуметтік-экономикалық жүйе екенін атап өттік. Аймақтың жүйе ретінде даму тұжырымдамасы, жалпы даму тұжырымдамасы сияқты, оның параметрлерінің тұтастай алғанда оң динамикасын білдіруі керек [6].

Мұнымен қатар аймақтық жүйенің маңызды ерекшеліктері бар екенін атап өту керек. Біріншіден, аймақтық жүйе әлеуметтік-экономикалық жүйе болғандықтан, бұл жүйенің параметрлері тек экономикалық емес, сонымен қатар әлеуметтік көрсеткіштер болып табылады. Көп жағдайда бұл жүйенің әлеуметтік көрсеткіштері экономикалық көрсеткіштерден маңыздырақ болып келеді. Ал экономикалық көрсеткіштердің дамуы жүйенің әлеуметтік мақсаттарына жетуіне негіз болып табылады. Жалпы аймақтық жүйелерді дамыту ең алдымен халықтың өмір сүру деңгейі мен сапасын арттыруға бағытталуы керек [7-9].

Аймақтық жүйенің дамуының маңызды екінші ерекшелігі - оның көрсеткіштерінің дамуының оң динамикасының тұрақтылығы. Әрине, жүйе ретінде аймақтық жүйе экономикалық даму процесінде кейбір ауытқуларға

жол беруі мүмкін. Алайда тұтастай алғанда көрсеткіштердің дамуының тұрақты тенденциясы болуы керек [10].

Аймақтық жүйенің үшінші ерекшелігі - дамудың пропорционалдығы мен тепе-теңдігі. Бұл оның параметрлерін мұқият тексеріп, аймақтың репродуктивті әлеуетінің белгіленген және экономикалық негізделген жаңа пропорцияларын сақтау керек дегенді білдіреді [11].

Сонымен, аймақтық даму дегеніміз - бұл өзара байланысты тұрақтылық, пропорционалдылық және әлеуметтік бағдар секілді үш сипаттама мен қасиеттерге негізделген даму болып табылады. Осы тұрғыдан алғанда, белгілі ғалымдар Умаралиев Р. мен Низамиев А. анықтамасымен келісуге болады: аймақтық даму дегеніміз – әлеуметтік және экономикалық көрсеткіштердің оң динамикасына бағытталған аймақтық жүйелердің жұмыс тәртібі [12].

Негізі жекелеген аймақты тиімді түде дамыту дегеніміз нарықтық экономикада құндылық жасау арқылы жекелеген факторлар мен әлеуеттерді қолдану деген сөз [13]. Алайда барлық аймаққа ортақ даму стратегиясы болуы мүмкін емес. Себебі әр аймақтың өзіндік даму шарттары, экономикалық және әлеуметтік

әлеуеті ерекше болып келеді. Сондықтан аймақтық экономиканы дамытуда осы факторларды ескерген жөн.

Методология. Зерттеу методологиясы мен әдістері ретінде эмприкалық әдістер жиынтығы қолданылды. Зерттеу жұмысында келесі әдістер пайдаланылды:

1) эмприкалық әдістер ретінде бақылау, сұхбат алу, өлшеу және салыстыру қолданылды;

2) эксперименталды-теориялық әдістер ретінде жүйелік талдау, синтез және логикалық әдістер қолданылды.

Бұл зерттеу әдістері Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму тенденциялары жайындағы фактілерді тек жинауға емес, сонымен қатар оларды тексеруге, жүйелік талдау жасап, кездейсоқ емес тәуелділіктерді анықтауға, олардың пайда болу себептері мен салдарларын талдауға ықпал етеді [14-15].

Зерттеу мақсаты - Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму тенденцияларын айқындау. Зерттеу мақсатына

сай бақылау барысында фактілер бар материал жинақталды.

Теориялық зерттеу әдістемелері зерттеу проблемасын анықтауда, болжам жасап, жинақталған фактілерді бағалап талдау үшін қолданылады.

Зерттеудің теориялық негіздері осы тақырыптағы әдебиеттерді, мерзімді басылымдарды, нормативтік құжаттарды оқумен байланысты болды.

Тақырып бойынша статистикалық деректер мен фактілерді талдай отырып, жүйеге келтіріп, Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық даму тенденциялары анықталды.

Зерттеу нәтижелерін талқылау. Қазіргі таңда Қазақстан аумағында 16 облыс (оның ішінде 14 облыс және Алматы, Нұрсұлтан қалалары) кіреді. Бұл мақалада аймақтар алты топқа топтастырылды. 1- кестеде Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі көрсеткіштері бойынша аймақтар топтары келтірілген.

1-кесте. Аймақтардың әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштер негізінде топталуы,

	Аймақ үлесі, %				
	Халықтың жалпы санындағы үлесі	ЖІӨ көлемі бойынша үлесі	Өнеркәсіптік өндіріс көлемі бойынша үлесі	Ауыл шаруашылығының жалпы өніміндегі үлесі	Негізгі капиталға инвестицияларды игеру бойынша үлесі
Қазақстан	100	100	100	100	100
1- топ	14	26	5	2	21
2- топ	5	18	34	1	28
3- топ	20	19	25	19	15
4- топ	33	18	16	34	17
5- топ	6	6	8	19	6
6- топ	22	13	12	25	13
Ескерту - Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі деректері негізінде жасалған [16].					

Аймақтардың бірінші тобына халықтың жан басына шаққандағы орташа кірісінің жоғары деңгейі, дамыған қаржы секторы және жоғары ғылыми-техникалық әлеуеті бар Алматы және Нұрсұлтан ірі қалалары жатады. Алматы және Нұрсұлтан қалалары үшін өндірістік өнеркәсіптің, инфрақұрылымның, ғылыми, мәдени және басқа мекемелердің қарқынды дамуын, туризм мен демалыс базаларын қалыптастыруды қамтамасыз ететін даму бағдарламалары жасалған.

Екінші топқа мұнай-газ және басқа да минералды қазба байлықтарға бай Атырау және Маңғыстау облыстары кіреді. Бұл аймақтардағы жан басына шаққандағы табыс орташа республикалық деңгейден

жоғары. Алайда бұл өңірлердегі әлеуметтік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету артта қалып отыр.

Үшінші топқа минералды ресурстарға ие және жоғары өндірістік әлеуетке ие Шығыс Қазақстан, Қарағанды және Павлодар облыстары кіреді. Бұл облыстарды өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптер, машина жасау, металлургия, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібі дамыған.

Төртінші топқа пайдалы қазбаларға бай және ауылшаруашылығын дамытуға мүмкіндіктері бар Ақтөбе, Жамбыл, Қостанай және Оңтүстік Қазақстан облыстары кіреді. Бұл облыстардағы экономикалық база және құрылым бірдей, алайда халықтың жан


басына шаққандағы орташа табысы орташа республикалық деңгейден төмен.

Бесінші топқа машина жасау өнеркәсібі дамыған және көптеген ауылшаруашылық жерлері бар Батыс Қазақстан және Солтүстік Қазақстан облыстары жатады. Батыс Қазақстан облысында мұнай-газ өндіру және тасымалдау дамыған. Бұл өңірлерді машина жасау кәсіпорындарын жаңарту және дамыту керек.

Алтыншы топқа ауыл шаруашылығы өндірісі дамыған Ақмола, Алматы және Қызылорда облыстары кіреді. Қызылорда облысында мұнай өндіру де дамыған. Бұл облыстардағы халықтың жан басына шаққандағы орташа табысы орташа республикалық деңгейден төмен. Сондықтан аймақтық саясаттағы басты назар ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдейтін шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, сондай-ақ сатып алу және маркетинг салаларына аударылу керек.

Статистикалық көрсеткіштер Қазақстан аймақтарының даму деңгейлерінің әртүрлілігін көрсетеді. Төрт ірі аймақ болып саналатын Алматы, Нұрсұлтан, Атырау және Қарағанды облыстары 2019 жылдың статистикасына сәйкес ЖІӨ-нің 51 пайызын құраған. Бұның себебі бұл аймақтарда инвестицияның да басқа да экономикалық ресурстардың көптеп болуында. Жалпы айтқанда аймақтардың дамуының әртүрлі болуы жалпы жаһандық құбылыс екенін атап өткен жөн. Барлық дамыған мемлекеттерде жалпы даму барысында өндірістік ресурстардың, адам капиталының үлкен қалаларда шоғырлануына байланысты жүзеге асқан [14].

2019 жылғы мәліметтер бойынша ЖАӨ көлемі бойынша Алматы қаласы көш бастап келеді. Алматы қаласы жалпы мемлекеттің ЖАӨ көлемінің 18,24 % өндіреді. Алматы қаласынан кейін ең үлкен үлестер Атырау облысына(11,23%) және Нұрсұлтан (9,41%) қаласына тиесілі (2-сурет).



2- сурет. ЖАӨ көлемі бойынша Қазақстан аймақтарының үлесі


Ескерту – Дереккөз [16].

Қазақстан бойынша негізгі капиталға салынған инвестиция 2018/2019 жылдары ұдайы өсуде (3-сурет). Бұл көрсеткіш бойынша ең үлкен мәндер Қызылорда облысы (156,5%), Солтүстік Қазақстан облысы (143,6%) және Оңтүстік Қазақстан облыстарына (145,8%) тән. Ең төменгі көрсеткіштер болса Шығыс Қазақстан облысы (81,5%), Ақтөбе (79,6%) және Қарағанды облыстарына (92,5%) тән.

Енді аймақтардағы ауыл-шаруашылығы көрсеткіштерін талдайық. Жалпы ауыл шаруашылығы өндіріс көлемі 2019 жылы едәуір өскен. 2018 жылмен салыстырғанда өсім


59% пайыз құрап, жалпы соммасы 2325 млрд. теңгеге жеткен (4-сурет).

Ауылшаруашылығы өнімдері бойынша ең үлкен үлес Алматы, Оңтүстік Қазақстан облыстарына тиесілі. Ең кіші көрсеткіштер Қызылорда және Маңғыстау облыстарының меншігінде. Жалпы ауылшаруашылығы өнім көлемінің өсуі тоғыз аймақта байқалады. Маңғыстау, Қостанай, Павлодар, Атырау, Солтүстік Қазақстан облыстарында ауылшаруашылығы өнімдерінің өндірісінің 2019 жылы өткен жылға қарағанда кемуі байқалады.



3-сурет. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемінің өсу тенденциясы

Ескерту – Дереккөз [16].




4-сурет. Қазақстан аймақтарының ауыл-шаруашылық өнімі бойынша үлестері

Ескерту – Дереккөз [16].


Шағын және орта кәсіпкерлік секторының көрсеткіштері де аймақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының айқын көрсеткіші болып табылады (5-сурет). Шағын және орта кәсіпкерлік секторының субъектілері ең көп облыстар – Алматы облысы (104,2 мың бірлік), Оңтүстік Қазақстан облысы (110,4 мың бірлік), Алматы қаласы (91 мың бірлік), Шығыс Қазақстан облысы (70,1 мың бірлік). Ал шағын және орта кәсіпкерлік секторының субъектілері ең аз облыстар қатарына Қызылорда облысы (20 мың бірлік), Солтүстік Қазақстан облысы (23

мың бірлік) және Батыс Қазақстан облысы (25 мың бірлік) жатады. Бұл берілген облыстардағы белсенді тұрғын саны аз дегенді білдіреді.

Келесі әлеуметтік көрсеткіш ретінде ҚР аймақтарындағы жұмыссыздық көрсеткіштерін талдаймыз. Жұмыссыздықты азайту, халық табысын арттыру Қазақстан мемлекетінің әлеуметтік саясатының басты мақсаттарының бірі болып табылады. Егер статистикаға сүйенсек 2018 жылғы жұмыссыздық көрсеткіші – 4,9 % болса, 2019 жылы 4,5 % - ға төмендеген. Қазақстан аймақтары бойынша көрсеткіштер 6-суретте келтірілген.



5- сурет. 2019 ж. Қазақстан аймақтарындағы шағын және орта кәсіп субъектілері саны, мың бірлік
Ескерту – Дереккөз [16].



6- сурет. Қазақстан аймақтарындағы жұмыссыздық деңгейі көрсеткіштері

Ескерту – Дереккөз [16].

Жұмыссыздық деңгейі көрсеткіштері жоғары облыстар қатарына Қызылорда облысы, Батыс Қазақстан облысы және Ақтөбе облысы жатады. Бұл облыстардағы жұмыссыздық көрсеткіштері сәйкесінше 30, 31, 33% құрайды. Жұмыссыздық деңгейі төмен облыстар – Оңтүстік Қазақстан облысы, Шығыс Қазақстан облысы, Қарағанды облысы және Солтүстік Қазақстан облысы. Бұл облыстардағы жұмыссыздық көрсеткіштері сәйкесінше 18, 20, 19 19% құрайды.

Қорытынды

Зерттеуді қорытындыласақ Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы әртүрлі екенін айтуға болады. Мұның жалпы жаһандық процеске сәйкес екенін де атап өттік. Халық көп шоғырланған аймақтар ретінде Алматы, Нұрсұлтан қалаларының, Атырау, Оңтүстік Қазақстан облыстарының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері жоғары. Қызылорда, Жамбыл, Солтүстік Қазақстан, Ақмола облыстарының әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштері төмендеу болып табылады. Мемлекет тарапынан бұл облыстарға өндірістік инфрақұрылымды дамыту, жеке инвестициялар ағынын ынталандыру,

белгілі бір салықтық және несиелік жеңілдіктер беру, шағын және орта кәсіпорындар үшін таңдамалы субсидиялар табыстау түрінде қолдау көрсетуге болады. Алайда алдағы жылдары мұндай қаржылық-экономикалық қолдау қаржылық ресурстардың шектеулі болуына байланысты жасалуы қиындау. Сонымен қоса бұл облыстарда өндірістік өнеркәсіптің, инфрақұрылымның, ғылыми, мәдени және басқа мекемелердің қарқынды дамуын, туризм мен демалыс базаларын қалыптастыруды қамтамасыз ететін даму бағдарламалары жасалуы қажет.

Жалпы алғанда Қазақстан Республикасының аймақтарының экономикалық және әлеуметтік дамуын айқындайтын көрсеткіштердің тенденциясы тек жоғарылауға сәйкес екенін атап көрсету қажет. Ал бұл дегеніміз жалпы мемлекеттің дамуының көрсеткіштері оң тенденцияға сәйкес екенін көрсетеді.

Қазіргі таңдағы Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуы өткен жылдарға қарағанда едәуір жоғарылаған. Ал бұл дегеніміз, жекелеген аймақтардың дамуы халықтың өмір сүру сапасының жоғарылауы, жұмыспен қамтудың артуы, ел экономикасының өсуін білдіреді. Демек мемлекетіміздің аймақ экономикасын дамыту саясаты тиімді жүзеге асырылуда деп айтуға болады.

Пайдаланылған әдебиет

1. Текенов У.А. О ФОРМИРОВАНИИ КОНЦЕПЦИИ СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА // *ҚазЭУ хабаршысы*—«Вестник КазЭУ. – 2017. – С.23-25.
2. Кондырбаева С.К. Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй саясатының жаңа бағыттары—әлеуметтік-экономикалық дамудың негізі. Новые направления жилищной политики Республики Казахстан – основа социально-экономического развития. // Вестник КазНУ. Серия Экономическая, 97(3), – 2013. – С.122-131.
3. Агабекова, Г. Н. Қазақстанның аймақтарын тұрақты дамуын қамтамасыз ету мәселелері. // «ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ. Ғылыми журнал. – 2017. – С.46.
4. Доскеева Г.З, Кузембекова Р. А. Тенденция социально-экономического развития регионов Казахстана. //Вестник КазНУ. Серия Экономическая. – 2014. - С. 22-30.
5. Корабаева Н. Б., Рысханова А. А. ӘОЖ 330. ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ЖАҒДАЙЫНДА АЙМАҚТАРДЫҢ БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК МӘСЕЛЕЛЕРІ. // Ғылыми журнал І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің. – 2018. – С.56.
6. Нурланова Н.К. Города как точки роста экономического пространства Казахстана: тенденции и перспективы развития. // Проблемы развития территории. – 2016. - С. 85-97.

7. Асылбаев К., Асылбаев А. & Ниязалиева К. Диагностика несбалансированного развития регионов Казахстана и анализ их сходимости с использованием конвергенции // Актуальные проблемы экономики. – 2018.- С. 231-245.

8. Айдарханов А.Г. Вопросы сближения регионов Казахстана по уровню социально-экономического развития. // Экономические, экологические и социокультурные перспективы развития России, стран СНГ и ближнего зарубежья. – 2014. - С. 229-234.

9. Мукашева А.М., Салимжанова Б.Б. СТРАТЕГИЧЕСКОЕ ПЛАНИРОВАНИЕ КАК ФАКТОР РЕГИОНАЛЬНОГО РАЗВИТИЯ. // Редакционная коллегия – 2018. – С. 44.

10. Киреева А.А. Дифференцированные организационно-экономические механизмы индустриально-инновационной модернизации регионов Казахстана. // Экономические и социальные перемены: факты, тенденции, прогноз. – 2017. – С.37.

11. Турганбаев Е.М., Козлова М.В. Кластеризация регионов Казахстана с учетом факторов экономического роста. // Управление большими системами: сборник трудов. – 2007. – С. 18.

12. Умаралиев Р., Хетагурова, В.Ш., Моуро, Р., Низамиев, А. Центральная Азия: вопросы социально-экономического развития. // Энергия: экономика, техника, экология, (9). –2012-С. 56-61.

13. Кожаметова Г.А., Лашкарева О.В. СОЗДАНИЕ И РАЗВИТИЕ РЕГИОНАЛЬНЫХ ИННОВАЦИОННЫХ СИСТЕМ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН // Статистика, учет и аудит. 2020. – С. 178-184.

14. Нурашева К.К., Ибраимова С.С., Айменов А.Ж., Турмаханова Р.Е. ЭКОНОМИЧЕСКАЯ МОДЕРНИЗАЦИЯ РЕГИОНОВ КАЗАХСТАНА В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ // Управление социально-экономическими системами: теория, методология, практика. – 2017. - С. 98-105.

15. Габдуллин Р.Б. Методический базис экономического развития Казахстана на современном этапе. //Актуальные проблемы экономики и права. – 2011- С.18-23.

16. Официальный сайт Министерства национальной экономики РК Комитет по статистике. [Электронный ресурс]. URL: <http://stat.gov.kz> (карантин уақыт 04.01.2021 г.).

References

1. Tekenov U.A. (2017) ON THE FORMATION OF THE CONCEPT OF SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT OF THE REGIONS OF KAZAKHSTAN. ASAU habercisi”–the Bulletin KazEU. PP. 23 – 25. (in Russ.)
2. Kendirbaeva S.K. (2013) Kazakhstan Land Trinitasatani new baytari–leumit-economically damudi the. New directions of housing policy of the Republic of Kazakhstan–the basis of socio-economic development. Bulletin of the Treasury. Series Economics, 97(3), 122-131. (in Kaz.)
3. Agabekov G.N. (2017) Kazakhstan imamayn Treaty of damun antamasi of etu. “TURAN”

UNIVERSITETININ KHABARSHYSY Gylym journal, 46. (in Kaz.)

4. Doskeeva G.Z., Kuzbekova R.A. (2014) The trend of socio-economic development of the regions of Kazakhstan. Bulletin of the Treasury. Economic Series, 22-30. (in Russ.)

5. Karabaeva N.B., Ryzhanova A.A. OR 330. (2018) ULTTYK ECONOMY GAMALINDA IMAMATE BSCEE ABLETT OF. Scientific journal I. Zhansugirov atyndagy Zhetisu memlekettik universitetin, 56 (in Kaz.)

6. Nurlanova N.K. (2016) Cities as points of growth of the economic space of Kazakhstan: trends and prospects of development. Problems of territorial development, 85-97. (in Russ.)

7. Asylbayev K., Asylbayev A. & Niyazalieva K. (2018) Diagnostics of unbalanced development of regions of Kazakhstan and analysis of their convergence using convergence. Aktualni problemy ekonomiki, 231-245. (in Russ.)

8. Aidarkhanov A.G. (2014) Issues of convergence of the regions of Kazakhstan on the level of socio-economic development. Economic, environmental and socio-cultural prospects of development of Russia, the CIS countries and the near Abroad, 229-234. (in Russ.)

9. Mukasheva A.M., Salimzhanova B.B. (2018) STRATEGIC PLANNING AS A FACTOR OF REGIONAL DEVELOPMENT. Editorial Board, P. 44 (in Russ.)

10. Kireeva A.A. (2017) Differentiated organizational and economic mechanisms of industrial and innovative modernization of the regions of Kazakhstan. Economic and social changes: facts, trends, forecast, 37 (in Russ.)

11. Turganbayev E.M., Kozlova M.V. (2007) Clusterization of the regions of Kazakhstan taking into account the factors of economic growth. Management of large systems: collection of works, P.18 (in Russ.)

12. Umaraliev R., Khetagurova V.Sh., Mouro R., Nizamiev A. (2012) Central Asia: issues of socio-economic development. Energy: Economy, Technology, Ecology, 9, 56-61. (in Russ.)

13. Kozhakhmetova G.A., Lashkareva O.V. (2020) CREATION AND DEVELOPMENT OF REGIONAL INNOVATION SYSTEMS IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN. Statistics, accounting and Audit, 178-184. (in Russ.)

14. Nurashva K.K., Ibragimova S.S., Baimenov A.Zh., Turmakhanova R.E. (2017) ECONOMIC MODERNIZATION OF THE REGIONS OF KAZAKHSTAN IN MODERN CONDITIONS. Management of socio-economic systems: theory, methodology, practice, 98-105. (in Russ.)

15. Gabdullin R.B. (2011) Methodological basis of economic development of Kazakhstan at the present stage. Actual problems of Economics and Law, 18-23. (in Russ.)

16. Official website of the Ministry of National Economy of the Republic of Kazakhstan Committee on Statistics. [Electronic resource]. URL: <http://stat.gov.kz> (accessed January 04, 2021) (in Russ.)

Автор туралы мәліметтер

Турысбекова Айша Бақтиярқызы - магистр, ғылыми қызметкер, ҚР БҒМҒК «Экономика институты» РМҚК, 050010, Алматы, ул.Курмангазы, 29, Қазақстан, 8(702)-498-83-85, aisha9393@mail.ru, ORCID 0000-0002-7705-2058

Өмірзақова Әлия Қасқырқызы - экономика магистрі, PhD кандидаты, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан, aliya.baimukhanova@mail.ru, ORCID 0000-0002-6393-2900

Information about the author

Turysbekova Aisha Baktyarkyzy - master, researcher, RSE «Institute of economics» of the Ministry of education and science of the Republic of Kazakhstan, 050010, Almaty, ul.Kurmangazy, 29, Kazakhstan, 8(702)-498-83-85, aisha9393@mail.ru, ORCID 0000-0002-7705-2058

Omurzakova Aliya Kaskyrkyzy - Master of economics, PhD candidate, EL. N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan, aliya.baimukhanova@mail.ru, ORCID 0000-0002-6393-2900

Дата поступления: 09.02.2021.

Прошла рецензирование: 08.04.2021.

Принято решение о публикации: 04.06.2021.

Received: 09.02.2021.

Reviewed: 08.04.2021.

Accepted: 04.06.2021.

Қарастыруға қабылданды: 09.02.2021.

Рецензиялауды өтті: 08.04.2021.

Жариялауға қабылданды: 04.06.2021.